



# Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 18 (920) 7 мамыр 2026 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](http://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi) [https://www.instagram.com/magzhan\\_zhuldizi/](https://www.instagram.com/magzhan_zhuldizi/) e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

## 9 МАМЫР - ЖЕҢІС КҮНІМЕН!

*Құрметті солтүстікқазақстандық тұрғындар!*

Сіздерді ел тарихындағы мағынасы терең, тағылымы мол қос бірдей мереке – 7 мамыр Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл қос мереке – ел тарихындағы айрықша маңызға ие, тағылымы терең күндер. Отан қорғаушылар күні – мемлекетіміздің қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етіп жүрген азаматтарға деген құрметтің белгісі болса, Ұлы Жеңіс күні – халқымыздың ерлігі мен бірлігінің, қайсар рухының мәңгілік символы.

Біз бүгінгі бейбіт өмір үшін майдан даласында жанын қиған батырларымыздың алдында мәңгі қарыздармыз. Ардагерлеріміздің ерлігі мен елге сіңірген еңбегі – ұрпаққа өнеге, рухани мұра. Олардың жанқиярлығы мен табандылығының арқасында біз тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп келеміз.

Осы игі дәстүрді бүгін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері, құқық қорғау органдарының, арнайы қызметтердің және Ұлттық ұланның өкілдері зор жауапкершілікпен жалғастырауда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қуатты әскер, халықтың береке-бірлігі және аға буынның ерлікке толы еңбегіне деген құрмет – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің берік негізі болып табылады.

Ұлттың қуаты – оның бірлігінде, елдің тірегі – оның азаматтарында. Біз өткеннің өнегесін ұлықтап, бүгінгі бейбіт өмірдің қадірін терең түсіне отырып, келешекке нық сеніммен қадам басамыз.

Осы сабақтастық – ұрпақтар жалғастығының алтын көпірі. Кешегі батырлардың ерлігі мен даналығы бүгінгі буынның жүрегіне жаңғырып, ертеңгі күннің айқын бағдарына айналуда.

Бүгінгі күні Қазақстан ауқымды саяси және қоғамдық жаңғыру жолымен нық қадам басып келеді. Жаңартылған конституция Әділетті Қазақстан құру бағытын бекітіп, заң үстемдігін, бірлікке, жауапкершілікке және еңбек адамына құрмет көрсетуге негізделген қоғам қалыптастыруды көздейді. Бүгінде мемлекетті нығайту, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және тарихи жадымызды сақтау мәселелері ерекше мәнге ие болып отыр.

Осындай айтулы мереке күндері елдің тыныштығына өмірін арнаған ардагерлерге, әскери қызметшілерге және солтүстікқазақстандық тұрғындарға зор денсаулық, амандық, бейбіт өмір және ертеңгі күнге деген сенімнің зор болуын тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әр шаңырақта қызық-қуныш, береке-бірлік пен бақыт орнасын!

**Ғауез НҰРМУХАМБЕТОВ,**  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

*Құрметті*

*Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары!*

Сіздерді мемлекеттік мерекелер – Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл атаулы күндер тарихымызда ерекше орын алады, Отанды қорғаған азаматтардың ерлігі, төзімділігі мен адалдығын еске салады. Олар ұрпақтарды біріктіріп, өткенге құрмет пен болашаққа жауапкершілікке негізделген патриотизмнің берік іргетасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи жадыны сақтау, ардагерлердің ерлігін құрметтеу және жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу мемлекеттік саясаттың басты басымдықтары екенін атап өтеді.

Ұлы Жеңіс күні – халықтың ерлігі мен қайсар рухының символы. Біз майдангерлер мен тыл еңбеккерлерін зор ризашылықпен, терең құрметпен еске аламыз. Олардың жанқиярлығы мен рухының мықтылығы біз үшін әрдайым өнеге болып қала береді.

Біздің аудан тұрғындары да ортақ Жеңіске қомақты үлес қосты. Жерлеріміз майдан даласында да, тылда да ерліктің үлгісін көрсетті. Олардың ерлігі – біздің мақтанышымыз әрі келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Бүгінде ел қорғау ісін әскери қызметшілер, құқық қорғау органдары мен арнайы қызмет өкілдері абыроймен жалғастырып, ұтрақтылықты, қауіпсіздікті және бейбіт өмірді қамтамасыз етуде.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан өзгерістер жағдайында қоғам бірлігін нығайту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу және тарихи жадыны сақтау ерекше маңызға ие.

Осы мерекелі күндер жүректеріңізді елге деген мақтаныш сезіміне бөлеп, игі істерге және туған өлкенің игілігі жолындағы еңбектеріңізге шабыт берсін!

Сіздерге зор денсаулық, бейбітшілік, бақ-береке және ертеңгі күнге сенім тілеймін. Әр шаңырақта ынтымақ, жылу мен қуаныш орнасын!

**Рахат СМАҒҰЛОВ,**  
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.

МЕРЕКЕ МӨЗЕТІ



## АЙБЫНДЫ ӘСКЕР - ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

6 мамыр күні Булаев қаласының орталық алаңында Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік жиын өтіп, онда ауданның күштік құрылымдары сап құрды.

Еліміздің айбыны әрі мақтанышы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына биыл - 34 жыл толды.

Орталық алаңдағы мерекелік жиын айбынды Әнұранның орындалуымен басталып, жиналған жұртшылық Мемлекеттік Туға бет бұрды.

Патриоттық сарымен басталған іс-шарада аудан әкімі Рахат Смағұлов сөз алып, аудан тұрғындарын Отан қорғаушылар күні мерекесімен құттықтады.

- Құрметті Отан қорғаушылар, мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігіміздің қорғаны болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Отанымыздың тірегі болар азаматтарға мықты денсаулық, отбасылық бақыт, игі қызметтеріне табыс тілейміз, - деп Рахат Назымбекұлы мара-

паттау рәсіміне көшті.

Отан қорғаушылар күні мерекелеуге байланысты, көпжылдық адал еңбегі, жоғары кәсібилігі және дамуы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлесі үшін ондаған мағжандық Солтүстік Қазақстан облысы мен Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Салтанатты жиын одан әрі аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламасымен жалғасып, өртістер патриоттық өңдер шырқап, жиналғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Мемлекеттік мереке күш-жігерді, ептілік пен командалық рухты паш ететін спорттық сайыстармен аяқталды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.





Булаев қаласының «Достық» саябағында «Ынтымақ - ырыс бастауы» атты Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне арналған салтанатты іс-шара болып өтті.

Мереке аудандық орталықтан-дырылған кітапхана жүйесі мен тарихи-өлкетану музейі, Қарақоға және Ноғайбай би ауылдық округтері бірігіп безендірген салт-дәстүрлер алаңынан бастау алып, онда қарақоғалық Самат Оралов домбыраның қоңыр үніне салып,

арнайы арнау айты. Нан-тұздан дәм татқан құрметті қонақтар елімізде тату-тәтті тұрып жатқан ұлыстардың салт-дәстүрлерін тамашалап, орыс халқының бал ашу рәсіміне, қазақ халқының беташар дәстүріне куә болды.

Сондай-ақ көрермен қауымға осы алаңда тігілген киіз үйде атаулы мерекеге орай ұйымдастырылған кітап көрмесі және «Алтын ұрпақ» шығармашылық орталығының тәрбиеленушілерінің салған

суреттер мен шебер қолдарымен жасаған бұйымдар ұсынылды. Ал балғындардың мың бұралып билеген әртүрлі ұлттардың ұлттық билері көрерменнің қызу қолдауына ие болды.

Содан кейін меймандар ауданның мемлекеттік мекемелері мен ауылдық округ әкімдіктері қосылып, жұртшылық назарына ұсынған әртүрлі этностардың салт-дәстүрлері мен тұрмысын, ұлттық киімі мен тағамдарын паш ететін этноауылды аралады.

Бұл алаңдағы әрбір көрініс пен қойылған ел халқының мәдени мұрасымен және рухани құндылықтарымен тереңрек танысуға мүмкіндік берді. Мерекелік аймақта ұлттық стильде безендірілген мол дастарқандар жайылып, көптеген этностар өз өнерлерін ортаға салды.

Мереке оған әрі сахна алаңында жалғасып, ауданның көркемөнерпаздарының әзірлеген концерттік бағдарламасымен ұласты. Әншілер әр тілде ән салса, бишілер әртүрлі ұлттың бин билеп, көрерменге естен кетпес әсер сыйлады.

Бұл күні орталық саябаққа мемлекеттік мерекені тойлауға жиналған аудан тұрғындарын аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

- Құрметті жерлестер!  
Сіздерді ең маңызды әрі аса құрметті мерекелердің бірі — 1 мамырда атап өлетін Қазақстан

## «ЫНТЫМАҚ - ЫРЫС БАСТАУЫ»

халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл жарқын мереке еліміздегі тұрақтылық пен өркендеудің берік негізі болып табылатын бейбітшілік, келісім мен татулықтың символы. Халық бірлігі — біздің басты байлығымыз, табысты дамудың және сенімді болашақтың кепілі. Әртүрлі мәдениеттер, дәстүрлер мен тілдердің алуан түрлілігінде бізді біртұтас әрі тату отбасыға біріктіретін күш жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Бірлік, келісім және өзара құрмет — мемлекетіміздің тұрақты дамуының беркі іретасы».

Бүгін біз өз еңбегімен, жауапкершілігімен және адалдығымен қоғамдық келісімді нығайтуға, туған өлкенің дамуына және елдің әл-ауқатын арттыруға үлес қосып жүрген барша азаматтарға шынайы алғысымызды білдіреміз. Тек бірлесе әрекет етіп, бір-бірімізді қолдау арқылы ғана кез келген қиындықты еңсеріп, жаңа биіктерге жете аламыз.

Сіздерге мықты денсаулық, бейбітшілік пен береке, бақыт және өртенгі күнге сенімділік тілеймін. Әр шаңырақта татулық, өзара түсіністік пен құрмет орнасын, ал біздің аудан барша тұрғындарының игілігі үшін дами берсін, - деді аудан әкімі Рахат Назымбекұлы.

Мереке күні біз қатар азаматтар ауданның әлеуметтік-мәдени дамуына қосқан үлесі мен көпжылдық адал еңбегі үшін, сондай-ақ Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай және әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуге атсалысқаны үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен бірге, саябақ ішінде арнайы төселген боз кілемде аудан балуандары «Мағжан барысы» атты қазақ күресі турнирінде бақ сынап, өзара мықтыларды анықтады.

Тартысты өткен белдесулер нәтижесінде 60 кг салмақ дәрежесінде Сәрсенбаев Аспан 1 орынды жеңіп алса, Қалдыров Жарас 2 орынды иеленді, ал Әміржан Даниял мен Данияр Айтұар 3 орындарға жайғасты.

80 кг салмақ дәрежесінде белдескен балуандар арасында Нұрболұлы Мұстафа жеңімпаз атанса, Данияр Жоламан күміс медальды ұтып алды, ал Сарсанбай Жақсығелді мен Темірғалиев Рахим қола медальдарды місе тұтты.

Жалпы бұл күнгі салтанатты іс-шара бірлік, достық және өзара түсіністік атмосферасында өтіп, Қазақстандағы ұлтаралық келісім мен мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын тағы бір рет айқындады.

Еркін ТӨЛЕГЕН,  
суреттерді түсірген автор.



## МАҒЖАНДЫҚТАР БАТЫР БАЯН РУХЫНА ТАҒЫМ ЕТТІ



Бұл күнгі іс-шараның мақсаты - өрлігі аңызға айналған батыр бабамыздың рухына тағзым ету және ескеңел ұрпақтың бойында отансүйіштік сезімін ояту.

1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы жарлыққа қол қойды. Бұл мереке әр кезде батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі.

Бүгінгі тыныш өмірдің жетістігі батыр аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ солардың арқасында. Қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан қорғауда ғажайып ерлік көрсеткен, сөйтіп халықтың жүрегінде мәңгі сақталған есімдердің бірі - Баян Қасаболатұлы.

*Отан қорғаушылар күніне орай, атақты жерлесіміз, даңқты қолбасшы, Батыр Баянның мүсініне гүл шоқтарын қою рәсімі өтіп, оған аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, білім бөлімінің басшысы Талағат Қарабаев, қорғаныс бөлімінің басшысы Нұржан Мелдәбеков, көмелетке толмағандар істері жөніндегі полицияның аға учаскелік инспекторы, полиция майоры Нұрбол Байманов, педагогикалық еңбек ардагері Любовь Голобородько және Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының ұстаздары мен оқушылары қатысты.*

Батыр Баян 1714 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Аралағаш ауылында дүниеге келген. 17 жасында жауынгерлік өнердің қыр-сырына қанығып, жоңғар шапқыншыларымен шайқастарға қол бастап шығып жүрген. Тарбағатай таулары мен Аяғез маңында болған сексен күнге созылған сұрапыл қырғанды ұрыста ол батылдығымен, ержүректігімен ерекшеленеді.

«Арқаның селі, желі, шөлі, бөлі,

Ұмытпаса ерлерді ел де ұмытпас», - деп жерлесіміз Мағжан ақын Баян батыр туралы осылай жырлаған.

Мереке күні құрметті қонақтар батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Оралбай Сағындықов, Азамат Шәріпов және Нұржан Мелдәбеков өз сөздерінде бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлерінің бірі - Батыр Баян

өзінің ержүрек батырлығымен, асқан тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленгенін, Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, «Батыр Баян» атанғанын тілге тиек етті.


Өз кезегінде мектеп-гимназия оқушысы Жоламан Дильназ «Сарбаздар» өнін орындаса, Екатерина Неживых ақын Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасынан үзінді оқып берді.

Еркіндікті ту еткен өйгілі батырлардың ұлағатты істері біз үшін асқан мақтаныш, әрі таптырмас үлгі. Халқымыздың сан ғасырлық арманы бүгінгі күні орындалып, біз тәуелсіз елде татулық пен бірлікте өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан еліміздің еркіндігін сақтау енді - біздің борышымыз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АБАТТАНДЫРУ

# АУМАҚТАРДЫ ТАЗА ҰСТАУ - БӘРІНЕ ОРТАҚ ІС



*«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аудан әкімі Рахат Смағұлов аудандық полиция бөлімінің бастығы Асан Мейрамовпен бірлесіп, Булаев қаласында ермаласқан кәсіпкерлік нысандарын аралап, аумақтардың абаттандырылуы мен санитарлық жағдайын бағалау мақсатында тексеру жүргізді.*

Аралау барысында кәсіпорындардың іргелес аумақтарына, тазалықтың сақталуына, тәртіп пен қолданыстағы абаттандыру бойынша заңнама талаптарының орындалуына ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ кәсіпкерлермен бизнес жүргізудің өзекті мәселелері

талқыланып, ұсыныстар мен проблемалық мәселелер тыңдалды.

Сапар қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою және көтерілген мәселелерді жедел шешу үшін жауапты қызметтер мен кәсіпкерлерге тиісті тапсырмалар берілді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҰҚЫПТЫ ҚАРАУ — АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫМЫЗ



*Аудан аумағында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында экологиялық акция өтті.*

Акцияға аудан әкімі Рахат Смағұлов, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың және өртүрлі мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, еріктілер қатысты.

Тазалық жұмыстары қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны аумағында, сондай-ақ Булаев қаласының айналма жолында жүргізілді. Қатысушылар тазалық жұмыстарына белсенді қатысып, аумақтарды қоқыстан тазалап, ретке келтірді.

Тазалық - әрқайсымыздан басталады. Сондықтан барша тұрғындарды тәртіпті сақтауға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға шақырамыз.

Біріміз бірге ауданымызды көркейте түсейік!

**Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.**

ЭКО-ЧЕЛЛЕНДЖ

## «ТҮЛЕКТЕРДІҢ АҒАШ ЕГУІ»

*Өткен аптада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында еліміздің барлық өңірінде бір мезгілде «Түлектердің ағаш егуі» атты эко-челленджі өтті.*

Іс-шараның басты мақсаты — түлектерді қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тарту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Аталған бастамаға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министрі Жайық Серікқалиұлы Шарабасов, сондай-ақ еліміздің барлық өңірлерінен 9 және 11 сыныптардың 100 мыңнан астам оқушысы қатысты.

Акция күні барлық түлектер мектеп аумақтарында, саябақтарда және қоғамдық орындарда ағаш көшеттерін отырғызып, елді мекендерді кәгалдандыруға және экологиялық тепе-теңдікті нығайтуға өз үлестерін қосты.

Біздің ауданнан бұл челленднге Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушылары белсене қатысты. Оқушылар өз мектептерінің аумағында жас ағаштар аллеясын отырғызып, табиғатты қорғау мен туған жерді көркейтуге маңызды үлес қосты.

Мұндай бастамалар жас ұрпақты ізгі істерге баулып қана қоймай, экологиялық ойлау қабілетін дамытып, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастырады.

Бірге біз елімізді таза, жасыл өрі көрікті етіп жатырмыз!

**Жанар БҰХАРБАЕВА,**  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.  
**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.**



## ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ТАҒДЫР: БЫНАШ АУЫЛЫНАН СОҒЫСҚА

*Біздің дүниежүзілік соғыстың тарихы тек ірі шайқастар мен атақты қалбасылардың есілдерімен ғана шектелмейді. Бұл – тұтас бір дәуірдің, бүтін бір халықтың басынан өткен ауыр сынақтың шежіресі. Соғыстың шынайы келбеті майдан даласындағы стратегиялық операцияларда ғана емес, ауылдардан аттанып, белгісіз тағдырға бет алған қарапайым адамдардың өмір жасында жатыр. Әрбір шақырылған жауынгер – бір отбасының үніні, бір ауылдың мақпанышы және ел тарихының ажырасмас бөлшегі. Солардың қатарында Солтүстік Қазақстан өңірі, бүгінгі Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Бинаш ауылынан шыққан азаматтар да бар. Бұл ауылдан соғысқа аттанған жас жігіттер мен ерта жастағы ер азаматтар ел қорғау міндетін орындау үшін майданға жол тартты. Олардың әрқайсысының тағдыры әртүрлі белде: бірі – шайқас даласынан ер-алады, бірі – хабарсыз кетті, енді бірі – жеңіс күнін көріп, бейбіт өмірге қайта ерледі.*

жерде, қандай жағдайда қаза тапқаны белгісіз мыңдаған жауынгердің ортақ тағдыры. Бекешан Көкен мен Бақашев Мағамет те – сондай боздақтардың қатарында.

Тағы бір есім – **Ариғазинов Қазбек**. Ол 1917 жылы Булаев ауданының «Бинаш» колхозында дүниеге келген. Соғыс жылдарында Қыыр Шығыс майданының 15-армиясы құрамындағы 60-шы жол-лайдалану полкінде (дорожно-эксплуатационный полк) реттеуші (регулировщик) қызметін атқарған. Құжаттарда оның 1941 жылдың 27 қазанында әскери бөлімнен шыққаны көрсетілген. Оның кейінгі тағдыры туралы нақты мәліметтер сақталмаған.

Бұл жауынгерлердің тағдырында ортақ бір белгі бар – соғыс олардың өмір жолын күрт өзгертіп, кейбірінің тағдырын белгісіздікке айналдырды. «Хабарсыз кетті» деген қысқа ғана тіркес – сол кезеңнің ең ауыр шындығының бірі.

Ал **Нұрпейісов Серғазы** – осы өңірден шыққан, соғысты жеңіспен аяқтаған жауынгерлердің бірі. Ол 1919 жылы дүниеге келген, әскери шені – гвардия ефрейторы. Ерлігі мен батылдығы үшін 1945 жылы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Сондай-ақ, ол «Германияны жеңгені үшін» медалінің иегері атанған. Бұл марапаттар оның майдандағы қайсарлығы мен Отан алдындағы адал қызметінің айқын дәлелі.

Тағы бір ержүрек жауынгер – **Еламанов Рөмаш Еламанұлы**. Ол 1918 жылы дүниеге келген, әскери шені – сержант. Майдандағы ерлігі үшін 1945 жылдың 31 тамызында «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Бұл марапат оның батылдығы мен Отан алдындағы адал қызметінің айғағы.

Бұл жауынгерлердің тағдыры әртүрлі болғанымен, барлығын біріктіретін ортақ қасиет – елге деген адалдық пен ерлік. Бірі майдан даласында хабарсыз кетсе, енді бірі Жеңіс күнін көріп, ерлігі үшін марапатталды.

Ал Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері **Макин Заһиар** – 1906 жылы Булаев ауданының Бинаш ауылында дүниеге келген. Соғысқа қатысқан ардагер ретінде ол кейін, 1986 жылы II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Бұл марапат – соғыс жылдарындағы еңбегі мен ерлігінің кеш те болса берілген бағасы.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы **Ақбаров Нұрабай** – 1917 жылы Бинаш ауылында туған. Ол соғысқа қатысқан ардагерлердің бірі ретінде 1985 жылы II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Бұл марапат оның майдандағы еңбегі мен ерлігінің бейбіт жылдардағы жоғары бағасы болды.

Ақбаров Нұрабайдың марапаты – соғысқа қатысқан ұрпақтың ерлік те майданда ғана емес, бейбіт өмірде де мойындалғанының дәлелі.

**Белегенов Нұрмағиш** (1911 ж.т.) – Бинаш ауылының тұмасы. 1942 жылы наурыз айында әскерге шақырылып, 185-ші атқыштар полкінің құрамында қызмет еткен. 1942 жылдың қыркүйегінде «хабарсыз кеткен» деп тіркелген. Бұл дерек – соғыстың ең ауыр ақиқаттарының бірі. Оның белгісіз тағдыры майданның қасіретінің шындығын көрсетеді.

**Қамғалдин Айдархан** (1918 ж.т.) – Бинаш ауылынан шыққан тағы бір жауынгер. Ол Қызыл Армия қатарында қарапайым жауынгер (қызылскер) ретінде қызмет атқарған. Мұрағат деректеріне сәйкес, ол 462-ші атқыштар полкі, 168-ші атқыштар дивизиясы құрамында болған. Оның құжаттары медициналық мекемелердің жазбаларында сақталған. Бұл – оның жарақат алғаны немесе емделуге түскені туралы жанама деректердің бар екенін көрсетеді. Бірақ нақты диагноз немесе тағдыры туралы толық мәлімет сақталмаған.

Жауынгер **Әбілпейісов Ахмадий** (1908 ж.т.) Бинаш ауылынан тұмасы. Ол 1942 жылы 18 қаңтарда лейтенант шенінде Қызыл Армия қатарына шақырылған. Соғыс жылдарында офицер ретінде қызмет атқарған.

Мұрағат деректеріне сәйкес, 1947 жылы 6 қарашада ол «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Бұл марапат оның соғыс жылдарындағы еңбегінің бейбіт кезеңде ресми түрде танылғанын көрсетеді. Құжаттар оның Қорғаныс министрлігінің кадрлық басқармасы деректерінде тіркелгенін көрсетеді.

Әбілпейісов Ахмадий – соғысты өткеріп қана қоймай, одан кейін де ел қызметінде болған офицерлердің бірі. Оның тағдыры соғыс пен бейбіт өмірдің жалғасқан байланысын бейнелейді.

Бинаш ауылынан шыққан тағы бір майдангер **Омаров Аманжол** (1916 ж.т.). Ол 1916 жылы дүниеге келген. 1942 жылдың наурыз айында Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылған.

Құжаттарға сәйкес, ол 113-ші атқыштар бригадасы (113 сбр) құрамында қызылскер ретінде қызмет атқарған. Бұл бөлім соғыс жылдарында ауыр шайқастарға қатысқан жауынгерлік құрылымдардың бірі болған.

Омаров Аманжол туралы құжаттарда оның әскери бөлімдегі қызметі ғана сақталған. Кейінгі тағдыры туралы нақты мәліметтер жоқ. Дегенмен оның есімі

майданға аттанған және белгісіз жолға түскен мыңдаған сарбаздардың қатарында тұр.

**Темірбеков Әлібай Темірбекулы** (1918 ж.т.) – Бинаш ауылынан шыққан ерекше тағдыр иесі. Ол 1918 жылы дүниеге келген. 1940 жылы 1 наурызда Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылған.

Соғыс жылдарында сержант шенінде қызмет еткен. Оның құжаттары тек соғысқа қатысқаны ғана емес, соғыстан кейін де ел өмірінде болса енді болғанын көрсетеді.

Екінші дүниежүзілік соғысының тағы бір ардагері **Шакиров Мүсіреп** (1923 ж.т.). Ол 1923 жылы Бинаш ауылында дүниеге келген. Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, Қызыл Армия қатарына алынған.

Мұрағат деректеріне сәйкес, ол 37-ші запас атқыштар полкі (37 зсп), 3-ші запас атқыштар бригадасы құрамында қызмет атқарған. Кейін Калинин майданына (Калф) жіберілген. Құжаттарда оның әскери жолы марш ротасы құрамында (10199 нөмірлі команда) қозғалғаны көрсетіледі. Бұл оның майданға дайындық және қайта бөлу кезеңдерінен өткенін білдіреді.

Шакиров Мүсіреп құжаттары оның нақты майдандағы шайқас жолы туралы толық мәлімет бермесе де, ол соғысқа жұмылдырылған, әскери жүнінің бірі бөлігі болғанын анық көрсетеді.

Оның тағдыры да сол буынның ортақ шындығына кіреді – белгісіздік, ауыр сынақ және ел алдындағы борыш. Құжаттарда оның II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталғаны (1985 ж.), бірнеше мерейтойлық медаль алғаны және 1997 жылы қайтыс болғаны көрсетіледі.

Сондай-ақ ол Успенка ауылында жерленгені туралы мәлімет бар. Бұл оның бейбіт өмірге оралып, туған жеріне жақын жерде өмір сүргенін көрсетеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы **Баяғанов Еспап** (1924 ж.т.) – 1924 жылы Бинаш ауылында дүниеге келген. 1942 жылдың 28 қазанында Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылған.

Соғыс жылдарында ол қатардағы жауынгер (рядовой) ретінде қызмет еткен. Мұрағат деректеріне сәйкес, ол майдан жолынан аман өтіп, соғыстан кейін де өмір сүрген.

«Дорога памяти» деректерінде оның «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталғаны көрсетілген. Бұл оның тек Еуропадағы соғысқа ғана емес, Қыыр Шығыстағы соғыс кезеңіне де қатысқанын білдіреді.

Ол 1984 жылы қайтыс болған. Бинаш ауылында жерленгені туралы мәлімет бар.

1985 жылы оған II дәрежелі Отан соғысы ордені берілген. Бұл марапат оның ерлігі мен соғыс жылдарындағы еңбегінің мемлекет тарапынан кейіннен бағаланғанын көрсетеді.

Баяғанов Еспап – соғыстың ауыр жолын жүріп өтіп, бейбіт өмірге оралған және ел жадында қалған жауынгерлердің бірі.

**Садуов Пазылтай** (1923 ж.т.) Бинаш ауылынан шыққан тағы бір жауынгер. Ол 1923 жылы дүниеге келген. Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, Қызыл Армия қатарына алынған.

Мұрағат деректеріне сәйкес, ол 37-ші запас атқыштар полкі (37 зсп), 3-ші запас атқыштар бригадасы құрамында қызмет атқарған. Кейін Калинин майданына (Калф) жөнелтілген.

Құжаттарда оның марш ротасы құрамында (10199 команда) қозғалғаны көрсетіледі. Бұл оның майданға дейінгі дайындық кезеңінен өтіп, жауынгерлік бөлімдерге бөлінгенін білдіреді.

Садуов Пазылтайдың тағдыры туралы толық майдан



Архив құжаттарында сақталған қысқа жазбалар – сол адамдардың өмір жолын танытатын жалғыз дерек көзі. Бұл мәліметтер олардың қай бөлімдерде қызмет еткенін, қай бағыттарға жіберілгенін және кейбірінші тағдыры белгісіз күйде қалғанын көрсетеді. Дегенмен, сол аз ғана деректің өзі олардың ел үшін атқарған қызметінің маңызын айқын дәлелдейді.

Бинаш ауылынан шыққан жауынгерлердің тарихы – тек бір ауылдың емес, бүкіл ұлттың соғыс жылдарындағы ортақ тәжірибесінің көрінісі. Олардың ерлігі мен тағдыры бүгінгі ұрпақ үшін өткенді түсінудің, бейбіт өмірдің бағасын білудің маңызды негізі болып қала береді.

Солардың бірі – Серғазы Еламанұлы Еламанов. Ол 1916 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Полудин ауданына қарасты Бинаш ауылында дүниеге келген.

1941 жылы ел басына күн туған шақта **Серғазы Еламанұлы** әскер қатарына шақырылып, Отан қорғау жолында майданға аттанады. Әскери қызметін Қыыр Шығыс майданында 143-артillerиялық полк құрамында атқарып, писарь қызметін атқарған. Кіші сержант шенінде дейін көтерілген ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, әскери тәртіп пен міндетті жоғары деңгейде орындаған.

Соғыс жылдарындағы ерлігі мен адал қызметі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Сонымен қатар бейбіт өмірдегі еңбегі үшін «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарына ие болды.

Соғыстан кейінгі жылдары да ел игілігі жолында еңбек етіп, қоғамның дамуына өзіндік үлесін қосты. Оның өмір жолы – Отанға деген адалдықтың, еңбекқорлық пен табандылықтың айқын үлгісі.

Серғазы Еламанұлы 1988 жылдың шілде айында дүниеден өтті. Оның мәңгілік мекені – Бинаш ауылы.

Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында ел қорғаған ерлердің есімі әрдайым құрметке лайық. Солардың бірі – мұрағат деректеріне сәйкес, **Ақбаров Жұмали** 1926 жылы Қазақ КСР-інің Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Ворошилов ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Оның жастық шағы ел басына күн туған қиын кезеңге тұспа-тұс келді. Отанды қорғау үшін мыңдаған жастармен бірге ол да әскер қатарына шақырылды.

Жұмали – Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға аттанған. Кейін ол 16-шы запастағы атқыш дивизиясының әскери-қайта бөлу пунктіне жіберілген. Мұндай пункттер соғыс жылдарында ерекше маңызға ие болды: мұнда жауынгерлер еселке алынып, әскери бөлімдерге бөлініп, алдыңғы шепке дайындалды.

Құжаттарда оның әскери жолының алғашқы кезеңдері, туған жерінен әскери бөлімге дейінгі қозғалысы тіркелген. Бұл деректер бүгінгі күні ерекше құнды, себебі олар бір адамның тағдырын ғана емес, тұтас бір ұрпақтың тарихын көрсетеді.

Тағы бір жерлес – **Бақашев Мағамет** 1914 жылы Қазақ КСР-інің Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Екатеринбург ауданында дүниеге келген. Ол 1939 жылдың 21 қарашасында Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылған.

Соғыс басталғаннан кейін Мағамет Бақашев Қызыл Армия сапында Отан қорғауға атсалысты. Құжаттарда оның әскери шені – қызылскер (қатардағы жауынгер) екені көрсетілген. Алайда оның майдандағы жолы қайғылы аяқталады: 1943 жылдың мамыр айында ол хабарсыз кеткендер қатарына енгізілген.

«Хабарсыз кетті» деген қысқа ғана тіркес – артында үлкен белгісіздік пен ауыр тағдырды жасырып жатыр. Бұл – нақты қай жерде, қандай жағдайда қаза тапқаны белгісіз мыңдаған жауынгердің ортақ тағдыры. Олардың көпшілігінің жерленген жері де әлі күнге дейін анықталмаған.

Бақашев Мағамет туралы мәліметтер Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатында сақталған. Бүгінде осындай деректердің арқасында біз тарих қойнауында қалған есімдерді қайта жаңғыртып, олардың ерлігін ұмытпауға мүмкіндік алып отырмыз.

Бинаш ауылынан шыққан тағы бір жауынгер – **Бекешан Көкен**. Ол 1921 жылы Ворошилов ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1939 жылы Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, Қызыл Армия құрамында қызмет атқарған. Құжаттарда оның соңғы қызмет орны ретінде №673 далалық пошта (п/п 673) көрсетілген. Алайда оның да тағдыры қайғылы аяқталған: 1942 жылдың ақпан айында хабарсыз кеткендер қатарына енгізілген.

«Хабарсыз кетті» деген қысқа ғана тіркес – соғыс жылдарындағы ең ауыр ұғымдардың бірі. Ол – нақты қай



# АТТАНҒАНДАР

деректері толық сақталмағанымен, оның соғысқа қатысқан әскери жүйенің бір бөлшегі болғаны анық.

**Рашев Мұқатай** (1926 ж.т.) Бинаш ауылынан шыққан Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол 1926 жылы дүниеге келген. Соғыс басталған кезде жас буын өкілі ретінде әскерге шақырылған.

Мұрағат деректеріне сәйкес, оның әскери жолы Ленин аудандық әскери комиссариаты арқылы басталған. Кейін ол 89-шы запас атқыштар полкі (89 зсп), 32-ші запас атқыштар бригадасы құрамына жіберілген.

Құжаттарда оның «призывник» ретінде тіркелгені және Солтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссариат арқылы қайта бөліну пункттерін өткендігі көрсетіледі. Бұл оның майданға дайындық және әскери оқу кезеңінде болғанын білдіреді.

Рашев Мұқатайдың нақты майдандағы шайқас жолы туралы толық дерек сақталмағанымен, ол соғыс жылдарындағы әскери жүйенің бір бөлшегі ретінде жұмылдырылған азаматтардың қатарында болды.

Бинаш ауылынан шыққан тағы бір майдангер **Өмірзақов Ескендір** (1926 ж.т.). Ол 1926 жылы дүниеге келген. Ленин аудандық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылған.

Мұрағат деректеріне сәйкес, ол 6-шы запас атқыштар полкі (6 зсп), 7-ші запас атқыштар дивизиясы құрамында әскери дайындықтан өткен. Кейін 47-ші оқу атқыштар полкі мен 48-ші оқу атқыштар дивизиясына жіберілген.

Бұл деректер оның соғысқа дейінгі және әскери оқу кезеңдерін өткенін көрсетеді. Ол жас жауынгер ретінде майданға дайындалған, әскери бөлімдер арасында қайта бөлінген.

Өмірзақов Ескендірдің нақты майдандағы жауынгерлік жолы туралы толық ақпарат сақталмағанымен, ол соғыс жылдарында әскери жүйенің бір бөлшегі ретінде жұмылдырылған азаматтардың қатарында болған.

Жауынгер **Ораззақов Рысбай** мұрағат құжаттарына сәйкес 1916 жылы дүниеге келген. Ол Булаев аудандық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылған. Соғыс жылдарында 129-шы атқыштар дивизиясы құрамында қызмет атқарған.

Құжаттардағы деректер оның майдандағы жолының қысқа болғанын көрсетеді. 1942 жылдың 28 ақпанында ол Ленинград майданы бағытына қарасты ұрыстарда қаза тапқан. Донесени-елерде оның «Безвозвратные потери» (қайтарымсыз шығын) ретінде тіркелгені жазылған.

Сондай-ақ мұрағат мәліметтерінде оның жерленген орны көрсетілген: Ленинград облысы, Старорусский ауданы, Больше Гривы маңы. Бұл – сол кезеңдегі ауыр шайқастар өткен аймақтардың бірі.

Қан майданда соғысқан ардагердің бірі - **Сәдуақасов Сыздық** мұрағат деректеріне сәйкес 1912 жылы дүниеге келген. Ол соғыс жылдарында ефрейтор шенінде 44-ші атқыштар полкі, 42-ші атқыштар дивизиясы құрамында қызмет атқарған.

Құжаттарда оның әскери жолына қатысты медициналық мекемелердің жазбалары сақталған. Бұл деректер оның майдан жағдайында жарақат немесе медициналық тексерулерден өткенін көрсетеді. Дегенмен нақты шайқас жолы туралы толық ақпарат шектеулі болғанымен, оның алдыңғы шептегі әскери құрамда болғаны анық.

Сәдуақасов Сыздық – соғыс жылдарындағы ауыр әскери қызметті өткерген қарапайым жауынгерлердің бірі.

Сондай-ақ фашистермен соғысқан жауынгердің бірі - **Сәдуақасов Фосман** 1908 жылы дүниеге келген. Ол Қызыл Армия қатарында қызмет етіп, соғыс аяқталған соң бірнеше марапатқа ие болған.

Мұрағат деректерінде оның «Германияны жеңгені үшін» медалі (1945), «Ерлігі үшін» медалі (1945) марапаттары көрсетілген.

Бұл марапаттар оның соғысқа белсенді қатысып, майдандағы еңбегінің жоғары бағаланғанын көрсетеді. 1945 жылдың 9 мамырында берілген алғашқы медаль оның Жеңіс күніне тікелей байланысты екенін білдіреді.

Сәдуақасов Фосман – соғысты бастан-аяқ өткеріп, жеңіс күнін көрген және ерлігі мемлекет тарапынан мойындалған жауынгер.

**Мұхамеджанов Заунар** (1926 ж.т.) Бинаш ауылынан шыққан тағы бір жас жауынгері. Ол 1926 жылы дүниеге келген. Соғыс басталған тұста ол жас буын өкілі ретінде Ленин аудандық әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылған.

Мұрағат деректеріне сәйкес, ол 89-шы запас атқыштар полкі (89 зсп) және 32-ші запас атқыштар бригадасы құрамында болған. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссариаты арқылы әскери қайта бөліну жүйесінен өткен.

Бұл деректер оның майданға дейінгі әскери дайындық кезеңінде болғанын көрсетеді. Яғни, ол соғыс жылдарындағы күрделі әскери жүйеде дайындықтан өткен жас жауынгерлердің бірі болған.

Мұхамеджанов Заунардың нақты майдандағы жауынгерлік жолы туралы толық мәлімет сақталмағанымен, ол да өз дәуірінің басқа боздақтары сияқты Отан қорғауға жұмылдырылған.

Бинаш ауылынан шыққан бұл азаматтардың өмір жолы – Екінші дүниежүзі соғысы жылдарындағы тұтас бір буынның ортақ тағдырының көрінісі. Бірі майдан даласында хабарсыз кетсе, бірі жеңіспен оралды, енді бірі әскери дайындықтан өтіп, ел қорғау ісіне өз үлесін қосты. Олардың ерқайсысының құжатта қалған қысқа ғана жолы – артында үлкен өмір, ауыр сынақ пен жауапкершілік жатқан тарих.

Мұрағат деректері арқылы бұл олардың есімдерін қайта жаңғыртып, туған жері үшін аттанған қарапайым ауыл жастарының ерлігін танымыз. Бұл тек өткенді еске алу емес, сонымен бірге болашақ ұрпаққа бейбіт өмірдің бағасын түсіндіретін маңызды сабақ.

Олардың есімдері уақыт өте ұмытылмайды, керісінше, жаңа буын үшін рух пен өнеге көзіне айналады. Өйткені тарихтағы ең маңызды шындық – ерлік ешқашан жоғалмайды, тек ұрпақ жадында жаңғырып отырады.

**Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,**  
жас ғалым, Қазақстан және  
Орталық Азия тарихын зерттеу  
институтының  
бас директоры.

«Әке – асқар тау», - дейді ғана халқымыз. Бұл сөздің астарында терең мән жатыр. Қазақ отбасында әкенің орны әрқашан ерекше, биік. Әке – шаңырақтың тірегі, отбасының қорғаны, балаға бағым-бағдар беретін желіқазымы іспетті. Оның әрбір сөзі мен іс-әрекеті бала тәрбиесінде үлкен рөл атқарады.

# «ӘКЕ - АСҚАР ТАУ»



Қазақ дәстүрінде әкені құрметтеу – әр баланың қасиетті парызы саналады. Сондықтан мен де бүгін өзімнің әкем Абылғазин Нұрмұқан туралы сыр шертепкім. Себебі, биыл асыл әкеміздің туғанына 100 жыл толып отыр. Осы айтулы күнге орай, оның жолын өткен жолына көз жүгіртіп, жеткен жетістіктерін саралап өтпекпін.

9 мамыр - барша қазақстандықтар үшін Жеңіс күні болса, біздің отбасымыз үшін әкем Нұрмұқанның туған күні. Сондықтан біз үшін бұл күн аса ерекше саналады. 1926 жылы Булаев ауданы Үш-Қызыл ауылында дүниеге есігін ашқан әкеміз туғаннан тағдыр тауқыметін тартқан жан. Жастайынан екі бауырымен бірге жетім қалған әкемізге ауыр болғаны сөзсіз. Өрине, қазақ жетімін жылатпаған халық қой, балаларға әкесінің үлкен ағасы камкорлық жасап, тәрбиелеп өсірген. Ол кезде еліміз үшін қиын-қыстау заман туып, еңбектеген баладан қартайған қарияға дейін еңбекке араласып, колхоздың қара жұмысына жегілген сұрапыл уақыт болатын. Бала кезінен ауыр жұмысқа араласқан әкеміз қатарластары сияқты таң атқаннан күн батқанша дейін еңбек етіп, бақытты балалық шағы арманда кеткен. Ауылдағы тынымсыз шаруаның салдарынан ол тек 7 сыныпты тәмамдап, әрі қарай оқуға мүмкіндігі болмаған. Бірақ, ол ауыр жұмыстың арқасында еңбекқорлыққа, адалдыққа және жауапкершілікке ерте үйреніп, осы бір қасиеттер алдағы кезеңдегі өміріне ерекше әсер етеді.

Бұғанасы қатпаған бозбала «Бәрі майдан үшін!» деген ұранмен бар балалық және жастық шағын еңбекке арнаған ұрпақ өкілдеріне жатады. Әкем, түске дейін мектепте оқып, түс ауа естігікке аттанып, түнге дейін астық жинағанын жиі айтатын. Осылайша, балалар ересектердің ауыр жұмыстан аздап демалуына мұрша жасап, ортақ іске бар күш-жігерін салған ғой.

Отан алдындағы әскери борышын өтеп, аман-есен оралған соң, оның өмірі туған жерімен тығыз байланыста болды. Әкем Нұрмұқан ауылда қарапайым механизатор болып жұмыс істеп, көктемгі дала жұмыстарынан астық жинау науқанына дейін, күзгі жер жыртудан қысқа қар тоқтау жұмыстарына дейін тынымсыз еңбек еткен ауыл еңбеккері.

Шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ол Калинин атындағы совхоздың № 06 трактор-дала бригадасының бригадирі болып тағайындалды. Сол жылдары механизатор мен бригадир ауылдың негізгі тұлғалары болып табылатын. Өйткені бүкіл елдің астығы олардың күнделікті еңбегіне байланысты болғаны жасырын емес. Оның басшылығымен бригада керемет нәтижелерге қол жеткізді. Еңбек жетістіктері үшін Нұрмұқан Абылғазин жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды, атап айтқанда:

Халықтар Достығы ордені (белгі нөмірі 13102) - 1972 жылы құрылған КСРО-ның жоғары награда-сы, оны 1970 жылдары ауыл шаруашылығы қызметкерінің қатарында (немесе орта буын) алуы — бұл ерекше еңбекті мойындау болып саналады. Орденінің алғашқы нөмірі (13102) оны марапат құрылғаннан кейінгі алғашқы жылдары алғанын растайды;

«В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалі (1970 жыл);

«Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісі (1974 жыл);

Н.В. Подгорныйдың жеке қолы қойылған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы. Мұндай грамотаны алу бүкіл совхоз үшін үлкен оқиға болды және бұл оның Одақ деңгейіндегі еңбегінің мойындалуы болды;

Калинин атындағы совхоз директоры В. Короткевичтің Құрмет грамотасы. 1965 жылғы 13 қарашадағы дөңді дақылдар өндірісі бойынша

жоғары көрсеткіштері үшін; Калинин атындағы совхоз директоры А. Свиридің Құрмет грамотасы. 1969 жылғы маусымда көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуде жақсы көрсеткіштері үшін.

Бұл тізімді өлі де жалғастыра беруге болады, бірақ мен ең маңызды деген марапаттарға ғана тоқталдым. Нұрмұқан Абылғазин ауыл шаруашылығы ғана емес, науқандарын уақтылы және сапалы өткізгені үшін бірнеше рет ақшалай сыйлықтармен, бағалы сыйлықтармен және құрмет белгілерімен марапатталды. Әр жылдары отбасының бірнеше рет қошеуіне байланысты марапаттау құжаттары мен куәліктерінің едәуір бөлігі жоғалған. Қазіргі уақытта біз сақталған озат белгілері мен монета сарайының нөмірлері негізінде мұрағаттық жазбаларды қалпына келтіру жұмыстары жүргізудеміз.

1953 жылы Нұрмұқан әкеміз Бекмағанова Майра Әнімқызымен кездесіп, шаңырақ құрады. Майра анамыз да жетімдік қасіретін көріп, анасынан айырылған жан. Ардақты әкеміз бен аяулы анамыз берік отбасын құрып, бір-біріне сенімді тірек бола білді. Соның арқасында отбасында 11 бала (4 ұл және 7 қыз) дүниеге келіп, олар бақытты жаңа ағанды.

Өміріле кездескен әр түрлі қиындықтарға қарамастан, біздің ата-анамыз барлық балаларға лайықты білім мен өмірге жолдама бере білді. Біздің қолымыздағы тілдей дипломдарымыз ата-анамыздың бейнесі мен зейнетінің, балаларын сағиға күткен, түн ұйықтаймай амандық тілеген, өздерінің қолдары жетпеген армандарын жүзеге асырады деген үміттерінің белгісі деп түсінеміз. Мынадай мың құбылып, жүз өзгеріп жатқан заманның құбылысын болжағандай, күнделікті қажетті мамандығымызды жетілдіріп отыруға үйретті.

Бүгінде Абылғазин әулеті мәуелі бөйтеректей тамырын тереңге жіберіп, жапырағын жайып жайқалуда. Қазіргі кезде Нұрмұқан мен Майраның 11 баласынан 26 немере мен 37 шөбере дүниеге келді. Ата-анамыздың балалары мен немерелері мемлекеттік қызметте және бизнесте Қазақстанның игілігі үшін аянбай еңбек етуде.

Нұрмұқан Абылғазин 1986 жылы 11 қарашада өз ұрпақтары алдында адал есімін, еңбек жеңістерінің бай тарихын және орасан зор мұрасын қалдырып, өмірден озды. О дүниелік болса да, әкеміздің мейірімге толы жылы жүзі, салмақты да салқалық бейнесі ешқашан қоз алдымыздан кетпейді. Бізге әрдайым ақыл-кеңесін айтып, жөн сілтеп, батасын беріп отырғандай елестейді.

Менің анам - Майра Абылғазина да көп еңбек етіп, Ұлы Жеңісті жақындатқан тыл еңбеккері. Ол «Батыр ана» медалімен, «Алтын алқа» алқаларымен және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған лайықты жан. Анамыз Майра Әнімқызы 1934 жылы 10 қаңтарда дүниеге келіп, 2017 жылы 2 қаңтарда қайтыс болды.

Әкемізді болсын, анамызды болсын, біз бала кезімізден үлгі тұтуға, іс-әрекеттерін қайталауға, басқан ізімен жүруге тырыстық. Сондықтан болар, ата-анамызға деген сарқылмайтын сағиының, таусылмайтын махаббат бойымызды өлі де кернеп тұр. Бір білеріміз, әкешесі рухы біздерді әрқашан қолдап-қорғап жүретініне сенімдіміз. Себебі, ата-анамыздың бейнесі жанымыздан кетсе де, жадымыздан ешқашан кетпек емес...

**Сағиға еске алушы қызы Бакытжан ЫСКАКОВА (АБЫЛҒАЗИНА).**

С КӨРМЕ

# ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР «АРАЛАҒАШ» ЗАСТАВАСЫНДА



Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау және жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубымен «Аралғаш» шекара заставасында бірқатар көрме жұмыстары ұйымдастырылып, өткізілді.

Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты – жасөспірімдерге әскери қызметтің маңыздылығын түсіндіру, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықты арттыру, сондай-ақ шекара қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру болды.

Көрме барысында қатысушыларға шекара қызметінде қолданылатын арнайы техникалар мен құрал-жабдықтар, әскери киім үлгілері, қару-жарақ макеттері және тарихи материалдар таныстырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының шекара қызметінің қалыптасу тарихы,

жетістіктері мен ерлік істері туралы ақпарат берілді.

Іс-шараға қатысқан клуб мүшелері белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, өздерінің білімдерін көрсетті. Көрме барысында тәжірибелік түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әскери тәртіп пен жауапкершіліктің маңыздылығы атап өтілді.

Өткізілген іс-шаралар жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттырып, патриоттық тәрбиені нығайтуға оң әсерін тигізді.

Қорытындылай келе, «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубымен өткізілген көрме жұмыстары өз мақсатына жетіп, жоғары деңгейде ұйымдастырылды деп бағаланды.

**Бекболат БЕКТАЙ,**  
«Аралғаш» шекара заставасы  
бастығының у.м.а.  
лейтенант.

АКЦИЯ

4 мамыр күні Жастар ресурстық орталығы аудан прокуратурасымен және полиция бөлімімен бірлесіп Булаев қаласында «Нашақорлыққа жол жоқ!» профилактикалық акциясын ұйымдастырып, өткізді.

Белсенді қатысушылардың қатарында мемлекеттік құрылымдардың, білім бөлімінің өкілдері, Булаев қаласы мектептерінің еріктілері мен оқушылары да болды.

Акцияның мақсаты - жастардың есірткіге саналы түрде теріс көзқарасын қалыптастыру, есірткі қылмысының алдын алу, сондай-ақ қоғамның назарын салауатты өмір салты мен азаматтық жауапкершіліктің маңыздылығына аудару.

Ашылу бөлімінен кейін акцияға қатысушылар топтарға бөлініп, қаланың жастар көп жиналатын орындарына барды. Онда трафареттердің көмегімен «Біз есірткісіз өмірді таңдаймыз» деген жазулар жазылды, сондай-ақ бей-жай қалмауға шақыратын ақпарат таратылды.

Егер Сіз есірткі қылмысына қатысты фактілерді көрсеніз, кәуе болсаңыз немесе қандай да бір ақпаратқа ие болсаңыз - бұл туралы тиісті органдарға хабарлау маңызды.

Акцияның барлық қатысушыларына белсенді азаматтық ұстанымы және ортақ іске қосқан үлесі үшін алғыс білдіреміз. Мұндай іс-шаралар Мағжан Жұмабаев ауданында да жалғасып, қоғамның есірткі қылмысына қарсы күрестегі күш-жігерін біріктіретін болады.

## «НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!»



ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

### ЖҮЛДЕЛІ ІІІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ



Аудандық Мәдениет үйінің әншісі - Константин Павлов «Мамыр жұлдыздары» облыстық вокалдық байқауында Мағжан Жұмабаев ауданының намысын абыроймен қорғады.

Ол өзінің жарқын талантын, өртістік шеберлігін және жоғары орындаушылық деңгейін көрсете білді. Байқау қорытындысы бойынша Константин жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Әріптесімізді айтулы жетістігімен құттықтап, алда жаңа жеңістер, шабыт және көрерменнің ыстық ықыласы мен зор қолдауын тілейміз!

**Назерке АЙБЕКҚЫЗЫ,**  
аудандық Мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушы.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА

## ЕКІ ДӨНГЕЛЕКТІ ДОСЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАҢЫЗ!

Жылы мезгілдің басталуымен Солтүстік Қазақстан облысының аумағында велосипед ұрлығының саны дәстүрлі түрде арта түседі. Жыл сайын жүргізілетін профилактикалық іс-шараларға қарамастан, қылмыстың бұл түрі әлі де өзекті болып отыр.

Тәжірибе көрсеткендей, мұндай ұрлықтардың негізгі себебі – велосипед иелерінің өз мүлкіне салғырт қарауы. Көп жағдайда велосипедтер аулаларда, көпқабатты үйлердің кіреберістерінде, дүкендердің маңында және басқа да қоғамдық орындарда қараусыз қалдырылады. Осыны пайдаланған қаскөнемдер қылмыс жасайды.

Велосипед ұрлығының алдын алу

және мүлкіңізді сақтау мақсатында полиция қызметкерлері келесі қарапайым, бірақ тиімді қауіпсіздік шараларын сақтауды ұсынады:

- велосипедті қараусыз қалдырмаңыз, тіпті қысқа уақытқа болса да;
- қажет болған жағдайда арнайы құлыптау құрылғыларын пайдаланыңыз (тек рамасын ғана емес, дөңгелегін де бекітіңіз);
- велосипедті бейтаныс адамдарға «айналдырып келемін» деген сылтаумен бермеңіз;
- бейтаныс адамдардан велосипедті қарауды сұрамаңыз;
- мүмкіндігінше велосипедті бейнебақылау камераларының көру аймағында қалдырыңыз;

- велосипедтерді сақтау орындарын (гараж, сарай, қойма және т.б.) техникалық тұрғыдан нығайтыңыз;
- құжаттары жоқ велосипедтерді бейтаныс адамдардан сатып алмаңыз;
- велосипед сатып алған кезде оның паспортын сақтаңыз – бұл рама нөмірі арқылы оны сәйкестендіруге көмектеседі.

**Есіңізде болсын:** қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау сізді қылмыстың құрбаны болудан қорғайды. Өз мүлкіңізді сақтаңыз!

**Максим СМОЛЕКОВ,**  
Мағжан Жұмабаев ауданы ПБ  
криминалдық полиция бөлімшесінің  
жедел уәкілі, полиция капитаны.

С ТҰРҒЫНДАРҒА КӨМЕК

## «ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА»



маттарды тұрғын үй кезегінен шығару заңдылығына құқықтық баға беру, сондай-ақ мұрагерлік мәселелері, оның ішінде мұраны қабылдау тәртібі (мұра ашылған жері бойынша нотариуска жүгінуге, алты айлық мерзімді сақтау,

қажетті құжаттарды рәсімдеу және мұраға құқық туралы көлімді алу) бойынша мәселелер көтерілді.

**Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.**



Дүйсенбі, 11 мамыр	Сейсенбі, 12 мамыр	Сәрсенбі, 13 мамыр	Бейсенбі, 14 мамыр	Жұма, 15 мамыр	Сенбі, 16 мамыр	Жексенбі, 17 мамыр
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.10, 02.00 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 М/Ф «ЖЕРҮЙЫҚ». 07.15 М/Ф «МҮЗБАЛАҚ». 08.15 «СОҒЫС СЫЗЫ», Д/Ф. 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 00.10 «МАХАББАТ ГҮЛІ СОЛМАЙДЫ». 14.40 «АПТА». 15.20 «АҚОРДА». 15.30 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛЫ», Х/Ф. 20.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 23.10 «1001 ТҮН». 02.50 «БІРЕГЕЙ».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 02.55 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАՆՏՈԼՊԱՆ». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ҮШҚЫН». 14.20 «ГОРМОНДАР БАЛАНСЫ». 14.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.35 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 02.55 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАՆՏՈԼՊԱՆ». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ҮШҚЫН». 14.20 «ГОРМОНДАР БАЛАНСЫ». 14.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.50, 21.25 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10, 02.55 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАՆՏՈԼՊԱՆ». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.20 «КИБЕР-КАУПСІЗДІК». 14.45 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 15.15, 21.25 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.10, 03.35 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАՆՏՈԼՊԱՆ». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.20 АРНАЙЫ ЖОБА. 14.35 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 15.50 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 23.10 «1001 ТҮН». 00.10 ПАРСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.05 «АУЫЛДАСТАР». 06.30, 01.45 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 08.00 «ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ ОТБАСЫ КҮНДІЛЫҒЫ». 08.30, 12.20 КОНЦЕРТ. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ЭГІЛІК ФОРМУЛА-СЫ». 14.20 М/Ф. 16.00 «КӨРШІЛЕР», Х/Ф. 17.40, 01.05 ҚОС ПАЛАТА. 20.10, 01.25 ӨЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.20 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ!». 22.55 «КОРФАУШЫ», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «АУЫЛДАСТАР». 06.20, 02.15 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.55 ГОРМОНДАР БАЛАНСЫ. 08.20 «КӨРШІЛЕР», Х/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «PRIME ERA». 12.20 М/Ф. 14.00 ҚАЙЫРЛЫ КЕШ! 15.40 «КОРФАУШЫ», Х/Ф. 17.40, 02.00 АҚОРДА. 20.00, 01.20 АПАТА. 20.40 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.30 «ШАРЫҚТАЙ БЕР, ШАЛҚАР!». 23.30 «БІЗДІҢ СУЙІКТІ ДӘРІГЕР», Х/Ф. 03.45 «ЭГІЛІК ФОРМУЛА-СЫ». 04.05 «НЖУ-МАРЖАН».

Дүйсенбі, 11 мамыр	Сейсенбі, 12 мамыр	Сәрсенбі, 13 мамыр	Бейсенбі, 14 мамыр	Жұма, 15 мамыр	Сенбі, 16 мамыр	Жексенбі, 17 мамыр
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «СУДЬБА КОНДИТЕРА», Х/Ф. 16.45 COVER SHOW. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «СУДЬБА КОНДИТЕРА», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 НЕОСЕТЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ТОЧКА ОБСТРЕЛА», Х/Ф. 16.30 COVER SHOW. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «БЕН-ГУР», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «БЕН-ГУР», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ОХОТНИКИ НА ВЕДЬМ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ОХОТНИКИ НА ВЕДЬМ», Х/Ф. 16.30 COVER SHOW. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ШҚІРІ. 23.00 «ПОСЛЕДНИЙ РУБЕЖ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ОХОТНИКИ НА ВЕДЬМ», Х/Ф. 16.30 COVER SHOW. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ШҚІРІ. 23.00 «ПОСЛЕДНИЙ РУБЕЖ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 00.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 «БАЛАМ ҮШІН...». 10.00 М/Ф. 11.00 «ПОБЕГ ПЗ ЗООПАРКА», Х/Ф. 12.00 «ПОСЛЕДНИЙ РУБЕЖ», Х/Ф. 14.00 ХХІ ФАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.30 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КҮН. 19.40 ЖҮМЫР ЖЕР. 20.00 COVER SHOW. 22.00 «13-Й РАЙОН: КИРПИЧНЫЕ ОСОБНЯКИ», Х/Ф. 23.45 К. ДҮЙСЕКЕВИТЦ ШЫҒАРМА ШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.15 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ», Х/Ф. 10.40 М/Ф. 12.00 «13-Й РАЙОН: КИРПИЧНЫЕ ОСОБНЯКИ», Х/Ф. 13.45 ӨМІР ОРНЕГІ. 15.00 АЗАМАТ. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КҮН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 ҚЫЗЫҚ ТІМЕС. 21.15 «СЫН РЭМБО», Х/Ф. 23.00 КОНЦЕРТ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 11 мамыр	Сейсенбі, 12 мамыр	Сәрсенбі, 13 мамыр	Бейсенбі, 14 мамыр	Жұма, 15 мамыр	Сенбі, 16 мамыр	Жексенбі, 17 мамыр
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА.	06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА.	06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА.	06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 П@УТИНА.	06.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 12.45 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-4». 02.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 П@УТИНА. 08.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.35 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 09.00 «ПРЕДАННЫЙ ДРУГ», Х/Ф. 10.45 «НАША ДОКТОР», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE». 17.20 «ДОНОР», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ДРУГАЯ СЕМЬЯ». 01.15 МУЗЫКАЛЬНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ.	06.00 П@УТИНА. 06.45 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.20 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 07.45 «МОСКВА ИЗ МОСКВЫ», Х/Ф. 11.50, 15.00 «ДРУГАЯ СЕМЬЯ», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 17.25 «КРАСАВЕЦ И ЧУДОВИЩЕ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АНЫҚТАЙМЫЗ. Р. ОТЕПАЙМЕН». 21.40 «УКРАДЕННОЕ СЧАСТЬЕ», Х/Ф. 01.45 «КТО? ГДЕ? КОГДА?». 02.45 КЕШ ҚАЛМАЙЫҚ.

- Қырағының өзі де, көзі де батыр.  
- Ел дегенде өзіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет.  
- Сын – ерді шыңдайды, қорқақты қинайды.  
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



«ҮМІТ» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ

# ПАРАСПОРТШЫЛАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ЖАРЫС

29 сәуір мен 2 мамыр аралығында Петропавл қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Үміт» облыстық спартакиада ұйымдастырылып, оған барлық аудандар мен облыс орталығының спортшылары қатысты.

Сайысқа тірек-қимыл аппараты зақымданған, көру қабілеті нашарлаған, құлағында мүкісі бар 350-ге жуық параспортшы қатысты. Жарыс Александр Винокуров атындағы спорт сарайы мен «Қарасай» стадионында өтіп, параспортшылар үстел теннисі, бочча, пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, мүгедектер арбасын шебер басқару, дойбы мен шахмат сияқты спорттың 8 түрінен сынға түсті.

Жалпы 28-ші рет ұйымдастырылып отырған облыстық сайыста Мағжан Жұмабаев ауданының командасы да бақ сынап, лайықты өнер көрсетті. Бұл сайыста біздің спортшылар жеке есепте тамаша нәтижелерге қол жеткізгенін мәтінмен білдіземін:

- шахмат (жүру) Паленый Сергей - 3 орын;
- шахмат (жүру) Кучерявая



- София - 3 орын;
- 60 метр жүгіру (жүру) Қодаров Қайыргелді - 3 орын;
- ұзындыққа секіру (көру) Зай-

- цева Валерия - 2 орын;
- 200 метрге жүгіру (көру) Зайцева Валерия - 1 орын;
- ядро лақтыру (көру)

- Баймағамбетов Сайран - 1 орын;
- дартс (тұрып лақтыру) Ахметова Алтыншаш - 1 орын;
- дартс (отырып лақтыру) Ора-

лов Қапар - 1 орын;  
- тоғызқұмалақ (көру) Абдрахманова Алмагул - 1 орын;  
- тоғызқұмалақ (көру) Маликова Эльмира - 1 орын;  
Сондай-ақ шахмат (есту) жарысында тартысты ойын өткізіп, 4-ші орынға табан тіреген Нұржігітов Ренатты ерекше атап өткіміз келеді.

Қорытындылай келе, Солтүстік Қазақстан облысының 13 командасы арасында ауданның құрамасы 6-шы жалпыкомандалық орынға ие болды. Бұл табыстықтың, ақыл-ойдың және нағыз спорттың мінездің нәтижесі деп білеміз! Әр сайыс - бұл жеңіске ұмтылыс, еңбек және өзіне деген сенім. Сондықтан біз аудан құрама командасының әр спортшысымен мақтанамыз! Барлық спортшыларды лайықты өнер көрсетулерімен құттықтаймыз және қолдау көрсеткен жандардың барлығына алғыс айтамыз!

**Қанат МҮСАТАЕВ,**  
Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



МЕКТЕП ЛИГАСЫ

# ОҚУШЫЛАР ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН СЫНҒА ТҮСТІ



30 сәуір күні Батыр Баян атындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені мен Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте аудан мектептерінің 5-11 сынып оқушылары арасында ұлттық спорт түрлерінен Ұлттық мектеп лигасы өтті.

80 астам оқушы қатысқан тоғызқұмалақ, бес асық және асық ату жарыстары өте тартысты өрі қызықты өтті. Әр спортшы өздерінің жоғары дайындық деңгейін, командалық рухын және ұлттық достарына деген қызығушылығын көрсетті.

Мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ұлттық спорт түрлерін насихаттауға және дамытуға үлкен үлес қосады.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жүзделі орындарымен құттықтаймыз!

**Аслап АРЕНОВ,**  
білім бөлімінің спорт бойынша әдіскері.

<p>Директор - бас редактор Неля ГОИЧАР</p> <p>Газеттің мәшік нөсі: «Газета «Весты» ЖНКС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49.</p> <p>Басылым индексі 65360</p> <p>e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады.</p> <p>Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magzhan zhuldizy» газеті редакцияда төрінде бөгетеді.</p> <p>«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.</p> <p>(Петропавл қ., Кошукон к-сі, 5 үй).</p> <p>Таралымы - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырмасы бойынша шығарылды және газеттер арқылы мемлекеттік қызметтік саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады.</p>
---	--	---	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәшігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарлауға болады.